

**«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы мен
«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы
(Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC»
акционерлік қоғамы арасындағы өзара қарым-қатынастар туралы
келісім N 441-И**

Өзара қарым-қатынастар туралы келісім (бұдан әрі – «Келісім») 2014 жылы «6» қазына Астана қаласында:

(1) Қазақстан Заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғ., 23-үй мекенжайы бойынша тіркелген **«САМУҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**, (бұдан әрі – «Қор») мен

(2) Қазақстан Заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасы, 010010, Астана қ., Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 59 ғимарат мекенжайы бойынша тіркелген **«ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН КОМПАНИЯСЫ (KAZAKHSTAN ELECTRICITY GRID OPERATING COMPANY) «KEGOC» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ** (бұдан әрі – «Компания») арасында (әрқайсысы жеке-жеке – «Тараптар», бірлесе «Тараптар» немесе жоғарыда көрсетілгендей) жасалды,

өйткені:

(a) Келісімге қол қойылған күні Қор Компанияның жалғыз акционері болып табылады,

(b) Компания ҚҚБ-ға Жаңа Акцияларды Орналастыруды Компанияның барлық Акцияларын ҚҚБ-ның ресми тізіміндегі «акциялар» секторының бірінші санатына енгізе отырып, жүзеге асыруды жоспарлайды,

(c) Орналастыру қорытындылары бойынша Қор Компанияның жалғыз акционері мәртебесінен айырылады, бірақ Компания Акцияларының 90 (тоқсан) пайызынан астамын иеленуді жалғастыра береді.

Осы құжат арқылы, Келісімде көзделген талаптарды назарға ала отырып, Тараптар төмендегілер туралы келісті:

1. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕР

1.1 Келісімде мынадай анықтамалар қолданылады:

«Акциялар» KZ1C34930012, ISIN KZ1C00000959 Ұлттық сәйкестендіру нөмірімен тіркелген Компанияның жай акцияларын білдіреді.

«Акционерлер» Акциялардың иелерін білдіреді.

«Қор директоры» Қордың Директорлар кеңесіндегі өкілі болып табылатын Директорды білдіреді.

«Еншілес компания» кез келген заңды тұлғаны: (i) басқа заңды тұлға дауыс беруші акциялардың немесе жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің 50 (елу) және одан көп пайызын тікелей немесе жанама бақылайтын; және/немесе (ii) оған қатысты осындай тұлға қабылдайтын шешімдерді айқындауға құқығы бар басқа заңды тұлғаны білдіреді.

«АҚ туралы Заң» «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңын білдіреді.

«Қазақстанның заңнамасы» Конституцияны және Қазақстан Республикасының барлық заңдарын, жарлықтарын, қаулылары мен өзге нормативтік құқықтық актілерін білдіреді.

«Инвестициялық меморандум» Компания әзірлейтін және Орналастыруға байланысты ҚҚБ жариялайтын Инвестициялық меморандумды білдіреді.

«Компанияның инсайдерлік ақпараты» «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңында осы терминге берілген мағынаны білдіреді.

«Компанияның құпия ақпараты» Қазақстанның заңнамасына сәйкес қызметтік немесе Компанияның өзі ақпараттың құпия сипаты туралы тікелей көрсеткен коммерциялық құпияға жатпайтын мәліметтерден басқа кез келген ақпаратты білдіреді, сондай-ақ Компанияның Орналастыру дайындығы мен Келісімді жасауға және/немесе орындауға байланысты кез келген ақпаратты білдіреді.

«Қордың құпия ақпараты» Қазақстанның заңнамасына сәйкес қызметтік немесе Қордың өзі ақпараттың құпия сипаты туралы тікелей көрсеткен коммерциялық құпияға жатпайтын мәліметтерден басқа кез келген ақпаратты білдіреді, сондай-ақ Компанияның Орналастыру дайындығы мен Келісімді жасауға және/немесе орындауға байланысты кез келген ақпаратты білдіреді.

«Корпоративтік басқару кодексі» Компанияның Корпоративтік басқару кодексін білдіреді.

«Ірі мәміле» АҚ туралы Заңда аталған терминге берілген мағынаға ие.

«ҚҚБ» «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ны білдіреді.

«Тәуелсіз директор» АҚ туралы Заңға сәйкес тәуелсіз директорларға қойылатын талаптарға жауап беретін, белгіленген тәртіппен тағайындалған Директорлар кеңесінің кез келген мүшесін білдіреді.

«Жаңа акциялар» Компания Орналастыру арқылы сатуға ұсынған Акцияларды білдіреді.

«Ақпараттың ашықтығы мен айқындығы туралы ереже» «Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2009 жылғы 05 қарашадағы № 29 (з) хаттама) бекітілген «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның «Ақпараттың ашықтығы туралы» листингтік ереженің 4-бөлімін білдіреді.

«Басқарма» Компанияның басқармасын білдіреді.

«Жұмыс күні» Қазақстан Республикасындағы мерекелік және демалыс күндерді қоспағанда, дүйсенбі мен жұма аралығындағы кез келген күнді білдіреді.

«Орналастыру» ҚҚБ талаптарына сәйкес Қазақстанның бастапқы нарығында Жаңа Акцияларды ұсынуды және сатуды білдіреді.

«Оңтайлы күштер» Қазақстанның заңнамасына сәйкес Келісімде белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған Қордың өз құзыреті шегінде алдын ала қабылдайтын іс-әрекетін білдіреді.

«Жасалуында мүдделілік бар мәміле» АҚ туралы Заңда аталған терминге берілген мағынаға ие.

«Директорлар кеңесі» Компанияның Директорлар кеңесін білдіреді.

«Жарғы» Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен – Қордың 2013 жылғы 9 сәуірдегі шешімімен (№17/13 хаттама) бекітілген Компания Жарғысын білдіреді.

1.2 Келісімде төмендегілерге жасалған кез келген сілтемелер:

(a) қандай да болмасын **«тұлға»** кез келген жеке тұлғаға, фирмаға, компанияға, бірлескен кәсіпорынға, корпорацияға, үкіметке, мемлекетке немесе мемлекеттік органға немесе кез келген бірлестікке немесе серіктестікке (әріптестік) (оның дербес құқықты субъектілікті иеленгеніне қарамастан) жасалған сілтеме ретінде түсіндірілуі тиіс;

(b) қандай да болмасын заң, нормативтік құқықтық акт, ереже, нұсқаулық, қағидат, шарт, келісім, құрал немесе өзге құжат оларға кезең-кезеңімен енгізілген өзгерістерді, толықтыруларды немесе жаңадан қабылданған редакцияларды ескере отырып, оларға жасалған сілтеме ретінде түсіндірілуі тиіс;

(c) Келісім баптарының бас тақырыптары тек қана ыңғайлылық мақсаттары үшін енгізілді және оны түсіндіруге ықпалын тигізбейді;

(d) **«қосылсын»** және **«қоса алғанда»** сөздері қандай болса шектеусіз түсіндірілуі тиіс;

(e) егер өзге сөздер мәтіннен алынбаса, дара тұлғаны білдіретін сөздер көптік мағынаны да білдіреді және керісінше қандай болса да бір грамматикалық түрде көрсетілген сөздер өзге грамматикалық түрге жасалған сілтеме ретінде қолданылады;

(f) **«жазбаша түрде»** дегеніміз сөздерді айқын өзгермейтін нысанда берудің кез келген тәсілін білдіреді; және

(g) баптар мен тармақтарға жасалған сілтемелер Келісімнің баптары мен тармақтарына жасалған сілтемелер болып табылады.

2. Күшіне енуі

2.1 Келісімнің 9-бабында көзделген құпиялылық жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, Келісім бойынша Тараптардың міндеттемелері кез келген акционердің Жаңа Акцияларға құқы тіркелген

сәттен бастап күшіне енеді. Келісімнің 9-бабы Тараптардың уәкілетті өкілдері Келісімге қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

3. Жалпы міндеттемелер

3.1 Тараптардың міндеттемелері:

(a) Тараптар Компанияның жарғысына, ішкі құжаттарына, оның ішінде Компанияның корпоративтік басқару кодексіне, сондай-ақ Қазақстанның заңнамасына сәйкес Компанияның мүддесі мен Компанияның барлық акционерлеріне әділ қарым-қатынас жасауды ескере келе, Компанияны басқару мақсатында оңтайлы шешімдер қабылдауға міндеттенеді;

(b) Тараптар листингтен өткен бағалы қағаздар секілді Компанияның мәртебесіне де зиянын тигізуі мүмкін немесе төмендегідей жайттарға қатысты ешбір іс-әрекет жасамайды:

(i) Орналастырудан кейін листинг талаптарына жауап бермейтін;

(ii) Компанияның ҚҚБ талаптарын бұзуына әкеп соғатын; немесе

(iii) Акциялар делистингіне, бұл Қорға Акциялар делистингінің бұдан кейінгі ықтимал талаптарымен барлық айналымдағы Акцияларды сатып алу туралы қандай да болмасын жалпы ұсынысты жіберуге тыйым салмайтын талаптар болған жағдайда ешқандай алдын ала іс-әрекеттер қабылдамайды (және қандай да болмасын әрекетсіздікке жол бермейді);

(c) Тараптар Компанияның жарғысына, корпоративтік басқару кодексі мен Компанияның басқа ішкі құжаттарына және Қордың Еншілес Компанияларына қолданылатын Қордың құжаттарына сәйкес Компанияны басқаруға міндеттенеді және Акцияларға арналған өздерінің құқықтарына қатысты Ақпараттың ашықтығы мен айқындығы ережесі бойынша өз міндеттемелерін мойындайды және осындай Ақпараттың ашықтығы мен айқындығы ережесін сақтауға міндеттенеді;

(d) Қор Компанияның қызметі бойынша ұсынылған есептердегі ақпараттың сақталуы мен құпиялығын қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны Компанияның келісімінсіз жариялауға немесе көрсетуге құқылы емес;

(e) Қор Компанияға және оның еншілес компанияларына Қор бекіткен, орындалуы Компания Акционерлерінің Қазақстан заңнамасында көзделген, оларға Акцияларды иеленуге байланысты тиесілі құқықтарына қысым жасалуына әкеліп соғатын ішкі нормативтік құжаттарды қолдануды міндеттемейді;

(f) Қор Қордың Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің және Компанияның инсайдерлік ақпаратын пайдалануға рұқсаты бар Қордың басқа да қызметкерлерінің:

(i) осындай ақпарат негізінде Жаңа акциялармен мәміле жасамауына;

(ii) осындай ақпараттың құпиялығын сақтауына күш салады;

(g) Қор осы Келісімнің ережелерін Қор директорларының назарына жеткізуге міндеттенеді және корпоративтік басқарудың ең озық тәжірибесіне сәйкес Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын Компания қызметінің мәселелері бойынша Қор Директорларының дауыс беруі үшін күш салады;

(h) Тараптар Компания өз дивидендтік саясаты мен Компания Жарғысына сәйкес дивидендтерді төлеуіне тиісті күш салуға міндеттенеді.

3.2 Тараптар кез келген мәмілелерді жасап (оларға кез келген өзгерістер енгізуді, сонымен қатар іске асыру немесе мәжбүрлі орындауды қоса алғанда) және қарапайым нарық жағдайында және қатаң коммерциялық бастамаларда Қор және/немесе оның Еншілес компаниялары және Компания және/немесе оның Еншілес компаниялары арасында өзара қарым-қатынастар құрады, жасалуында мүдделілік бар барлық Мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына және егер қолдануға болса, ҚҚБ қағидаларына сәйкес жүзеге асырылатыны туралы өзіне міндеттеме қабылдайды. Қор егер өзі қолданатын әрекеттер немесе әрекетсіздік Компанияға және оның Еншілес компанияларына жоғарыда көрсетілген шарттарда өз шаруашылық қызметін жүзеге асыруға кедергі келтіретін болса ешқандай да әрекет қолданбайды немесе әрекет жасамайды.

3.3. Компания Қорға Қордың және Компанияның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте және мерзімде Компанияның қызметі туралы есеп беруге міндеттенеді.

3.4. Компания саясатқа, қағидалар мен Компания Басқармасы немесе Директорлар кеңесі бекітетін және Қордың тиісті бизнес-үдерістерімен үйлестірілген басқа да құжаттарға сәйкес ішкі бизнес-үдерісін (бизнес-жоспарлау, активтерді басқару, кредиттеу, инвестициялық қызмет, тәуекелдерді басқару және т.б.) ұйымдастыруға міндеттенеді.

4. Куәландыру және кепілдік

4.1. Қор Компанияны мыналар туралы куәландырады және кепілдік береді:

(a) Қордың Келісімді жасауына және орындауына барлық құқықтары мен өкілеттіктері бар;

(b) Келісім оның талаптарына сәйкес Қордың міндетті атқарылуы тиіс міндеттерін білдіреді;

(c) Қордың Келісім жасауы және сол бойынша өз міндеттемелерін орындауы:

(i) жарғының немесе корпоративтік басқару кодексінің және Қордың басқа да тиісті ішкі құжаттарының қайсыбір ережелерінің қайсыбір бұзылуына әкелмейді;

(ii) қайсыбір актінің бұзылуына әкелмейді және бір тарабы Қор болып табылатын немесе Қор үшін міндетті болып табылатын және

Келісімде көзделген мәмілелер мәтінінде маңызды болып табылатын қайсыбір акт бойынша міндеттемелердің орындалмауын білдірмейді;

(iii) Қор үшін міндетті болып табылатын және Келісімде көзделген мәмілелер мәтінінде маңызды болып табылатын, соттың немесе мемлекеттік органның қайсыбір бұйрығының, шешімінің немесе ұйғарымының бұзылуына әкелмейді; немесе

(iv) Қордың Келісім жасаған күні қайсыбір мемлекеттік немесе реттеуші орган тарабынан қайсыбір келісімді немесе мақұлдау алуын талап етпейді, Келісім жасаған күні жіберілмеуі мүмкін, қайсыбір мемлекеттік немесе реттеуші органға қайсыбір хабарлама жіберуді талап етпейді және Келісім жасалатын күні жүзеге асырылмауы мүмкін, қайсыбір мемлекеттік немесе реттеуші органда қайсыбір тіркеу жүргізуді талап етпейді.

4.2. Компания Қорға:

(a) Компанияда Келісімді жасау және орындау үшін барлық қажетті құқықтар мен өкілеттіктер бар екенін;

(b) Келісім оның шарттарына сәйкес Компанияның міндетті атқарылатын міндеттерін білдіретінін; және

(c) Компанияның Келісім жасауын және сол бойынша міндеттерін орындауын:

(i) Жарғының немесе Корпоративтік басқару кодексінің және Компанияның басқа да тиісті ішкі құжаттарының ережелерінің қайсыбір бұзылуына әкелмейтінін;

(ii) қайсыбір актінің бұзылуына әкелмейтінін және бір тарабы Компания болып табылатын немесе Компаниямен байланысты және Келісімде көзделген мәмілелер мәтінінде маңызды болып табылатын қайсыбір акт бойынша міндеттемелердің орындалмауын білдірмейтінін;

(iii) Компания үшін міндетті болып табылатын және Келісімде көзделген мәміле мәтінінде маңызды болып табылатын, кез келген соттың немесе мемлекеттік органның қайсыбір бұйрығының, шешімінің немесе ұйғарымының бұзылуына әкелмейтінін; немесе

(iv) Компанияның Келісім жасалған күні алынбауы мүмкін мемлекеттік немесе реттеуші орган тарабынан қайсыбір келісімді немесе мақұлдауды алуын талап етпейтінін, қайсыбір мемлекеттік немесе реттеуші органның атына Келісім жасалған күні жіберілмеуі мүмкін қайсыбір хабарлама жіберуді талап етпейтінін және Келісім жасалған күні жүзеге асырылмауы мүмкін, қайсыбір мемлекеттік немесе реттеуші органда қайсыбір тіркеуді жүзеге асыруын талап етпейтінін куәландырады және кепілдік береді.

4.3 Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапқа осы Келісімде баяндалған барлық куәландырулар мен кепілдіктер екі Тарап та осы Келісімге қол қойған күні, осы Келісім бойынша міндеттемелер күшіне енген күні және екі Тарап та осы Келісімге қол қойылған күні ғана жарамды және дұрыс болуы тиіс 4.1 (c) (ii) және (iii) және 4.2 (c) (ii) және (iii), тармақтарда баяндалған куәландырулар мен кепілдіктерді қоспағанда осы Келісім

қолданысқа енгізілген мерзім ішінде кез келген басқа күні жарамды және дұрыс екені туралы куәландырады және кепілдік береді.

5. Құқықтық қорғау құралдары, құқықтардан және өзгерістерден бас тарту

5.1. Қайсыбір Тараптың Келісім бойынша қайсыбір құқықтарды, өкілеттіктерді немесе артықшылықтарды жүзеге асырмауы немесе уақтылы жүзеге асырмауы Тараптар арасындағы қарым-қатынастарда ешқандай ретке келтірілмеген тәртіпті білдіреді, кез келген осындай құқықтардан, өкілеттіктерден немесе артықшылықтардан бас тарту болып табылмайды және Келісім бойынша кез келген құқықтарды, өкілеттіктерді немесе артықшылықтарды бір рет немесе ішінара жүзеге асыру кез келген өзгеге осындай құқықтарды, өкілеттіктерді немесе артықшылықтарды қазіргі уақытта немесе болашақта жүзеге асыруға кедергі жасамайды.

5.2. Келісімде тікелей көзделген құқықтар мен құқықтық қорғау құралдары жалпы сипатқа ие және кез келген Тараптың өзге негізде қайсыбір құқықтарды немесе құқықтық қорғау құралдарының бар екендігін жоққа шығармайды.

5.3. Келісім өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін, сондай-ақ оны орындауға қатысты бас тарту мәлімдемесі жасалуы мүмкін немесе ол қос Тарап қол қойған жазбаша келісім негізінде ғана бұзылуы мүмкін.

6. Ішінара жарамсыздығы

6.1. Егер Келісімнің бір немесе бірнеше ережелері болған жағдайда, заңсыз, жарамсыз немесе кез келген құқықтық өкілеттікке қатысты қандай да болмасын талап қою күшін иеленбейді, бұл Келісімнің жарамдылығына және оның қалған ережелерінің талап қою күшін ешқандай деңгейде қозғамайды және оған қысым жасамайды және Тараптар осыған байланысты Келісімде айтылған уағдаластықтарды іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында балама ережелерді келісу үшін адал келіссөздер жүргізуге міндетті.

7. Келісімнің толықтығы

7.1. Келісім оның мазмұнына қатысты Тараптар арасындағы толық және жалғыз келісімді білдіреді және Тараптар бұрынғы жасалған барлық шарттарының, міндеттемелерінің, келісімдерінің, уағдаластықтарының және кез келген сипаттағы өтініштерінің, олардың осы мазмұнға байланысты ауызша немесе жазбаша орындалғанына қарамастан (және егер жазбаша болса, онда оның жобасының дайындалғанына қарамастан), күшін жояды немесе орнын ауыстырады.

8. Даналары

Келісімге екі данада қол қойылуы мүмкін, олардың әрқайсысы қол қойылғаннан кейін түпнұсқа болып табылады, бірақ олар бірге бір құжат ретінде қабылданады.

9. Құпиялылық

9.1. Қор Компанияның кез келген құпия ақпаратына қатысты құпиялылықты сақтауға, сондай-ақ Қордың өзі де, оның еңбеккерлері де қандай да бір нысанда немесе қандай да бір тәсілмен Компанияның құпия ақпаратын Компанияның алдын ала жазбаша келісімінсіз төмендегідей жағдайлардан басқа ретте ашпауын қамтамасыз етуге міндеттенеді:

(a) Келісімде тікелей көзделген жағдайларда;

(b) өз директорларына, лауазымды тұлғаларына, Қордың қандай да бір өзге еншілес компаниясының еңбеккерлері мен консультанттарына мұндай ақпарат өз міндеттерін орындау үшін қажет болған, және олар осындай ақпараттың құпиялылығы туралы хабардар болып, жарияламау туралы міндеттеме қабылдаған жағдайда;

(c) Директорлар кеңесінің келісімімен;

(d) ақпарат заңға немесе кез келген мемлекеттік немесе өзге де реттеуші органның (КФБ-ны қосқанда) талаптарына сай сұратылған жағдайда, бұл талаптарды Қор (немесе оның кез келген Еншілес компаниясы) сақтауға міндетті немесе соған сәйкес Қор (немесе оның кез келген Еншілес компаниясы) есеп беретін болып, және де мүмкін болған жағдайда әрі заңмен рұқсат етілсе Қор Компанияға жария етілетін деректер көшірмесін ұсынатын жағдайда, сондай-ақ мұндай деректерге Компания негізді түрде талап еткен кез келген өзгерістерді немесе толықтыруларды енгізеді;

(e) мұндай ақпарат Келісімнің 9.1-тармағының қандай да бір жолмен бұзылуына байланысты болмай, өзге себептер бойынша жалпыға қолжетімді болған жағдайда;

Осы 9.1-тармақтың ережелері Келісімге қол қойылған сәтте Қордың иелігінде болған және, Компания (оның кез келген Еншілес компаниясы) алдындағы құпиялылықты сақтау міндеттемелеріне қатысы жоқ ақпаратқа қатысты қолданылмайды;

(g) Қордың Келісімнің 9-бабын бұзбай үшінші тұлғадан алған Компанияның құпия ақпараты

9.2. Компания Қордың кез келген құпия ақпаратына қатысты құпиялылықты сақтауға, сондай-ақ Компанияның өзі де, оның еңбеккерлері де қандай да бір нысанда немесе қандай да бір тәсілмен Қордың құпия ақпаратын Қордың алдын ала жазбаша келісімінсіз төмендегідей жағдайлардан басқа ретте ашпауын қамтамасыз етуге міндеттенеді:

(a) Келісімде тікелей көзделген жағдайларда;

(b) өз директорларына, лауазымды тұлғаларына, Компанияның қандай да бір өзге еншілес компаниясының еңбеккерлері мен консультанттарына мұндай ақпарат өз міндеттерін орындау үшін қажет болған, және олар осындай ақпараттың құпиялылығы туралы хабардар болып, жарияламау туралы міндеттеме қабылдаған жағдайда;

(d) ақпарат заңға немесе кез келген мемлекеттік немесе өзге де реттеуші органның (КФБ-ны қосқанда) талаптарына сай сұратылған жағдайда, бұл талаптарды Компания (немесе оның кез келген Еншілес компаниясы) сақтауға міндетті немесе соған сәйкес Компания (немесе оның кез келген Еншілес компаниясы) есеп беретін болып, және де мүмкін болған жағдайда әрі заңмен рұқсат етілсе Компания Қорға жария етілетін деректер көшірмесін ұсынатын жағдайда, сондай-ақ мұндай деректерге Қор негізді түрде талап еткен кез келген өзгерістерді немесе толықтыруларды енгізеді;

(e) мұндай ақпарат Келісімнің 9.2-тармағының қандай да бір жолмен бұзылуына байланысты болмай, өзге себептер бойынша жалпыға қолжетімді болған жағдайда;

(h) Компания Келісімнің 9-бабын бұзбай үшінші тұлғадан алған Қордың құпия ақпараты

9.3. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптан жазбаша келісім алмайынша (мұндай келісімнен негізсіз бас тарту мүмкін емес және осындай келісім негізсіз кідірілмеуі емес) Келісім мәні бойынша келіссөздер жүргізу немесе оның мәртебесіне қатысты ешқандай хабарландыру (мәлімдемелер, хабарламалар) жасамайды, егер де Қазақстан заңнамасы бойынша өзгедей талаптар қойылса, хабарландыру беруге ниет білдірген Тарап мұндай хабарландыру (мәлімдеме, хабарлама) қажеттігі туралы екінші Тарапты алдын ала жазбаша хабардар етуі тиіс.

9.6. Әрбір Тараптың осы 9-бапта көзделген міндеттемелері Келісімнің қандай да болмасын себепке байланысты тоқтатылуына қарамастан бір күнтізбелік жыл бойы әрекет ететін болады.

10. Келісімнің қолданылуының тоқтатылуы

10.1. Келісімнің 10.2-тармақ ережелері ескеріле отырып, Келісім мынадай жайттардың біреуі ертерек басталған кезде өз қолданысын тоқтатады:

- Акциялар делистингі; немесе
- Қор Компания акцияларының елу пайызын иеленуден айырылғанға дейін..

10.2. Келісімнің қандай да болмасын ережелеріне қарамастан, Келісімнің қолданылу мерзімінің тоқтатылуы: (i) Тараптардың Келісімнің қолданылу мерзімінде туындаған, және Келісімде олардың қолданылуы Келісім доғарылған соң жалғаса береді деп тікелей көрсетілген құқықтары мен міндеттемелеріне қатысты пайдаланылмайды, (ii) Тараптарды осы Келісім бұзылған кез келген жағдай үшін жауапкершіліктен босатпайды.

11. Тапсыру

11.1. Егер де Қор Акцияларды қандай да бір Еншілес компанияға тапсырғысы келсе, Қор (1) мұндай Еншілес компанияның Қор орнына Келісім тарабы атануын қамтамасыз етуі тиіс және мұндай өзгеріс Еншілес компания Акцияларға меншік құқығын сатып алған күннен бастап күшіне енеді; (2) Еншілес компания өзгелерін қоспағанда, Қордың Келісім бойынша тиісті міндеттемелерін Қор үшін көзделгеннен артық қиындық тудырмайтын жағдайларда орындау жауапкершілігін қабылдайды.

12. Хабарламалар

12.1. Тараптардың Келісімге қатысты бір-біріне жіберетін хабарламалары жазбаша түрде жасалуы тиіс және қажетті ретпен жеткізілді деп саналады, егер де:

(а) тиісті Тарапқа Келісімде көрсетілген мекенжай бойынша (немесе тиісті Тараптың Келісімнің 12-бабына сәйкес хабарлаған басқа мекенжайына) қолма-қол тапсырылса;

(b) Келісімде көрсетілген факс нөмірі бойынша факс арқылы жіберілсе; немесе

(c) электрондық пошта арқылы Келісімде көрсетілген электрондық мекен-жайына жіберілсе.

Кез келген хабарлама қолма-қол тапсырылған жағдайда (i), жөнелтілген сәтте (ii) табысты жеткізілгендігі туралы есеп қатар жасалған жағдайда, факс арқылы жіберілген кезде немесе (iii) электрондық пошта арқылы жіберген кезде жеткізілуі расталған электрондық хат алынған соң дереу күшіне енді деп саналады.

12.2. Хабарламалар мынадай талаптар сақталып жіберіледі:

(а) Қор мекенжайына:

Қайда: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қонаев көш., 8

Блок: Б

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутованың назарына.

Электрондық поштаның мекен-жайы: g.uskenbekov@sk.kz

(b) Компанияның мекенжайына:

Қайда: 010010, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғ., 59 ғимарат

«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының корпоративтік басқару жөніндегі орынбасары Ж.М. Бексарының назарына.

Факс нөмірі: 8 (7172) 97-04-55

Электрондық поштаның мекен-жайы: kegoc@kegoc.kz и Beksary@kegoc.kz.



13. Қолданылатын құқық

13.1. Келісім Қазақстан Заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

13.2. Келісім бойынша туындаған кез келген дау-дамай Қазақстан Заңнамасында көзделген тәртіпте Қазақстанның соттарына қарауға және реттеуге тапсырылуы тиіс.

АЙТЫЛҒАНДАРДЫ РАСТАУ үшін Тараптардың уәкілетті өкілдері Келісімге жоғарыда көрсетілген күні қол қойды.

14. Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері:

<p>«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ» акционерлік қоғамы</p> <p>010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 23 СТН 620200333937 ИИК KZ91125KZT1001300144 «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі» ММ Алматы қ. КБе 16 BIC: NBRKKZKX BIN 081140000436</p> <p>«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы</p> <p> М.о. Шөкеев Ө.Е.</p>	<p>«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы</p> <p>010010, Астана қ., Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 59 ғимарат СТН 600700153614 ИИК KZ736010111000023853 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Астаналық өңірлік №119900 филиалында КБе 16 BIC: HSBKKZKX BIN 970740000838</p> <p>«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы</p> <p> М.о. Қажиев Б.Т.</p>
--	---